**«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Максатов Нұржан Ришатұлының «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

## РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | Зерттеу тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысты. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан – бәріміз үшін және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасымен өзара байланысты және өзектілігімен ерекшеленеді, ғылым мен практика талаптарына толық жауап береді.<br>Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын «Жас ғалым» гранттық жобасы аясында орындалған. Жобаның атауы – AP19174965 «Қазақстан Республикасындағы мұрагерлік құқықтарды дамыту және қорғаудың қазіргі үрдістері». Бұл жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде қолдау тапқан.<br>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер). «8D042 – Құқықтану» кадрларды даярлау бағытында «6D030100, 8D04202 – Құқықтану», «6D030200, 8D04201 – Халықаралық құқық» докторантурада дайындау бағыттары бойынша ізденуші Максатов Нұражн Ришатұлының ұсынылып отырған жұмысы сәйкес келеді. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады** және оның өзектілігі толық сипатталған.<br>Аталған зерттеудің ғылыми құндылығы мен маңыздылығы мынадай жайттардан көрінеді:<br>□ мұрагерлік дау ұғымын анықтауға қатысты түрлі көзқарастардың қарастырылуы;<br>□ мұрагерлік дауларды шешу тәртібін құқықтық реттеу мәселелерінің зерттелуі;<br>□ мұрагерлік дауларды қарау бойынша құқық қолдану тәжірибесіндегі проблемалардың талдануы;<br>□ мұрагерлік дауларды шешу саласындағы заңнаманы және оның қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар мен ұсынымдардың әзірленуі. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары;** | Жұмыс автор тарапынан **жоғары** деңгейде өз бетінше жазылған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Диссертациялық жұмысқа эмпирикалық деректерді жинау мен талдауға дербес көзқарас тән. Жұмыстың құрылымы зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес логикалық түрде құрылған. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу жүргізілген, зерттеудің мақсаты мен міндеттері айқындалған, зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдар келтірілген. Диссертация авторының ғылыми еңбектері жарияланған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация тақырыбы өзекті әрі **негізделген.**<br>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жұмыстың кіріспе бөлімінде жан-жақты дәлелденген.<br>Максатов Н.Р.-ның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының соттарында мұрагерлік дауларды қарау мәселелеріне арналған теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті ғылыми зерттеу болып табылады.<br>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі мұрагерлік құқықтарды қорғауға байланысты туындайтын мәселелерді қарастырумен айқындалады, себебі бұл құқықтарды қорғаудың құқықтық кепілдігі – соттық қорғау болып табылады.<br>Әсіресе, мұрагерлік құқықтарды қорғау мәселесі өткір қойылып отыр, өйткені даулы мәселелерді нотариустың өзі шеше алатын жағдайларда, тараптардың бірі ретінде ол да процесте қатыса алады. Мұндай жағдайларда мұрагерлер арасында сұрақтар мен даулар жиі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | туындайды.<br>Диссертация авторы заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін талдау мұрагерлік дауларды қараудың және шешудің процессуалдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік беретінін атап өтеді. Осы құқық қолдану ерекшеліктері бұзылған не даулы құқықтарды нақты қалпына келтіруге (қорғауға) ықпал етуі тиіс.<br>Теориялық және практикалық қорытындылар мен шешімдердің бірізділігі азаматтық іс жүргізу мен материалдық құқық нормаларын қолданудағы қателіктерді азайтуға мүмкіндік береді және сот төрелігінің сапасын арттыруға септігін тигізеді.<br>Жоғарыда айтылғандарды және қазіргі заманғы жағдайларда мұрагерлік құқықтың артып келе жатқан маңыздылығын ескере отырып, мұрагерлік құқық институтының негізгі қағидаттарын, сондай-ақ осы саладағы нотариат пен сот төрелігінің рөлін аша отырып, мұрагерлік дауларды қараудың ерекшеліктерін зерделеу орынды деп саналады. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) **<u>айқындайды;</u>**<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашып көрсетеді және **айқындайды.**<br>Зерттелетін аспектілер арасында логикалық өзара байланыс қамтамасыз етілген.<br>Мұрагерлік дау ұғымы мен оның белгілеріне қатысты мәселелер қарастырылған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Мұрагерлік дауларды шешу тәртібін құқықтық реттеу мәселелері зерттелген.<br>Мұрагерлік дауларды қарау бойынша құқық қолдану тәжірибесіндегі проблемалар талданған.<br>Мұрагерлік дауларды шешу саласындағы заңнаманы және оның қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленген. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) **сәйкес келеді;**<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына **сәйкес келеді.**<br>Міндеттердің саны мен олардың бірізділігі зерттеу мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.<br>Зерттеудің мақсаты – соттармен мұрагерлік дауларды қараудың процессуалдық ерекшеліктері туралы кешенді ғылыми түсінік қалыптастыру.<br>Осы мақсатқа жету үшін автор заңнама мен құқық қолдану практикасына жүйелі талдау жүргізген. Бұл талдау мұрагерлік дауларды қарау мен шешудің процессуалдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Осы ерекшеліктерді қолдану арқылы бұзылған немесе дау туындаған құқықтарды нақты қалпына келтіру (қорғау) қамтамасыз етілуі тиіс.<br>Диссертациялық зерттеу аясында автор доктриналық көзқарастар мен мұрагерлік дауларды қарау және шешудің процессуалдық ерекшеліктерін талдады. Жалпы алғанда, айтылғандардың негізінде диссертанттың зерттеу жұмысында белгіленген мақсатқа қол |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жеткізгені және қойылған әрбір міндеттің толық ашылғаны туралы тұжырым жасауға болады. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: | Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары мазмұны жағынан **толық байланысқан.** Рецензияланып отырған жұмыстың құрылымы мен мазмұнына терең талдау жасау барысында диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдарының логикалық байланысы мен бірізділігі анық көрінеді. Әрбір бөлім мен тарау зерттеу тақырыбынан туындайды және өзара тығыз байланысты. Диссертацияның құрылымы зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сай құрылған. Қойылған міндеттердің шешімі дәйекті және өзара байланысты. Алынған нәтижелер қорытындылар мен қорғауға ұсынылған тұжырымдардың негізі ретінде логикалық түрде қалыптасқан. Жоғарыда айтылғандардың барлығы алынған нәтижелердің ішкі бірлігін растайды. |
| | | 1) **толық байланысқан;** | |
| | | 2) ішінара байланысқан; | |
| | | 3) байланыс жоқ. | |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: | Автор ұсынған жаңа ғылыми тұжырымдар мен шешімдер бұрыннан белгілі қағидалар мен қорытындыларға **сыни талдау бар.** Бұл шешімдер ұлттық және шетелдік заңнаманы талдау кезінде тиісті дәлелдер мен негіздемелерге сүйене отырып тұжырымдалған. Диссертация авторы мұрагерлік дауларды қарау және шешудің процессуалдық ерекшеліктерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен |
| | | 1) **сыни талдау бар;** | |
| | | 2) талдау ішінара жүргізілген; | |
| | | 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; | |
| | | 4) талдау жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | практикалық материалдарды іріктеп, талдау жүргізген. Зерттеу нәтижелері мен ғылыми жұмысты орындау барысында алынған тұжырымдар алғаш рет ұсынылып отыр. Бұл диссертант жүргізген әдеби шолудан байқалады және зерттеу тақырыбы бойынша толыққанды мәлімет береді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? | Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар **толығымен жаңа** сипатқа ие. Себебі, мұрагерлік дауларды сот арқылы қарау және шешудің теориялық және практикалық мәселелері алғаш рет кешенді түрде зерттелген. Диссертант алған ғылыми нәтижелер, қорытындылар, тұжырымдар мен қорғауға ұсынылған негізгі ережелер азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының дамуына елеулі жаңалық ретінде қосылып, өзектілігімен және ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. |
| | | 1) **толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** сипатқа ие болып, өзекті мәселені шешуге бағытталған. Жаңалығы – мұрагерлік дауларды сот арқылы қарау және шешудің теориялық және практикалық мәселелеріне алғаш рет кешенді түрде зерттеу жүргізілгенінде. |
| | | 1) **толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер **толығымен жаңа** және ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор мұрагерлік дауларды қарау және шешудің ерекшеліктерін құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған |
| | | 1) **толығымен жаңа;** | |
| | | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | |
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қолданыстағы азаматтық іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар берген. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | **Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/**негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен ұсынымдар жеткілікті деңгейде негізделген. Бұл ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың сақталуымен, зерттеудің жалпы ғылыми әдістерін қолданумен, қарастырылып отырған мәселеге теориялық және практикалық тұрғыда елеулі үлес қосқан отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін пайдаланумен, негізгі ережелердің жариялануымен дәлелденеді.<br>Зерттеу нәтижелері автордың жалпы саны 17 ғылыми еңбегінде жарияланған, оның ішінде: Комитет ұсынған басылымдарда – 7 ғылыми мақала, халықаралық Scopus базасындағы шетелдік басылымда – 1 ғылыми мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында және отандық басылымдарда – 9 ғылыми еңбек жарық көрген. Барлық қорытындылар мен тұжырымдар құқық қолдану практикасы материалдарын пайдалану арқылы алынған ғылыми тұрғыда маңызға ие әрі шынайы нәтижелерге негізделіп, дәйекті және объективті түрде ұсынылған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) **дәлелденді;** | Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі төрт қағидаттар ұсынылады:<br>**Нәтиже 1.**<br>1 Тұжырым дәлелденген бе? |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | 1. Иә, **дәлелденген**, себебі авторлық анықтама – «мұрагерлік дау» ұғымына берілген.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>2) Жоқ.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1. Иә, себебі ол Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасын, «Нотариат туралы» заңын, процессуалист және құқық саласы мамандарының іргелі еңбектерін, сот тәжірибесін талдау негізінде алынған.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>3) Кең. Бұл тұжырым мұрагерлік даудың пайда болу белгілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.<br>7.5 Ғылыми мақалада дәлелденген бе?<br>1. Иә. Төмендегі ғылыми мақалаларда дәлелденген:<br>*1. Максатов Н.Р. «Наследованное право Республики Казахстан»: оқу құралы. Алматы: «DostarPrint», 2021. – 214 б.*<br>*2. Субъекты наследственных правоотношений в гражданском судопроизводстве: вопросы теории и практики Международный научный журнал «Наука и жизнь Казахстана». – 2020. – № 12/10. – С. 32-39.*<br>*3. Жайлин Г.А., Максатов Н.Р. «Мұрагерлік құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың кейбір мәселелері» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37823709*<br>*4. «Мұрагерлік құқық»: оқу құралы.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | *– Алматы: «Жеті Жарғы», 2017. – 96 б.*<br>**Нәтиже 2.**<br>**Тұжырым дәлелденген бе?**<br>7.1. **Иә, дәлелденген.** Автор азаматтық құқықтарды қорғаудың соттық тәсілін ең тиімді және толық деп санайды. Мемлекеттік сот құқық қолданушы орган ретінде құқықтық мемлекеттің идеяларын іске асыруға және азаматтық айналымның тұрақтылығына ықпал етеді. Сот жүктемесін азайту мақсатында диссертант мұраны қабылдаудың алты айлық мерзімін қалпына келтіру туралы мәселені сот емес, нотариустың қарауына беруді ұсынады. Мұрагерлік құқықтарды соттан тыс қорғау туралы теоретикалық көзқарастар зерттелген.<br>**7.2 Тривиалды ма?**<br>Жоқ. Автор мұрагерлік құқықтық қатынастарды қорғау тәсілдері мен заң көмегі ұғымына қатысты заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар берген.<br>**7.3 Жаңа ма?**<br>Иә. Бұл тұжырым мұрагерлік дауды қарауға құқығы бар субъектілердің құрамын нақтылайды.<br>**7.4 Қолдану деңгейі:**<br>3) Кең. Бұл мәселе судьялармен қатар нотариустарға, адвокаттарға және басқа мамандарға да қатысты.<br>**7.5 Ғылыми мақалада дәлелденген бе?**<br>1. Иә. Дәлел келтірілген ғылыми мақалалар:<br>1. Maksatov N.R., Zhamalbekova A.S. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | *Notary's executive inscription* // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. №4 (112), 2023. – Б. 106–112.<br>2. Восстановление срока для принятия наследства в Республике Казахстан Мат. меж.конф Scientific horizon in the context of social crises Proceedings of the 1st International Scientific and Practical Conference Tokyo, Japan. 6-8.01.2020. - С.93-98.<br>3. Максатов Н.Р. *Өсиет бойынша мұрагерлік дауларды қараудың процессуалдық ерекшеліктері* // ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының хабаршысы. №1 (59), 2020. – Б. 357–364.<br>**Нәтиже 3.**<br>**7.1 Тұжырым дәлелденген бе?**<br>1) Иә. дәлелденген. Жұмыста мұраны қабылдау мерзімі өтіп кеткен жағдайда оны қалпына келтіруге себеп болатын жағдайлардың нақты тізбесін Нотариустардың нотариаттық әрекеттерді жүзеге асыру қағидаларына енгізу қажеттілігі өзекті етіп көтерілген.<br>**7.2 Тривиалды ма?**<br>2) Жоқ. Қазіргі таңда аталған ұсыныс өзекті және орынды.<br>**7.3 Жаңа ма?**<br>1. Иә. Мұраны қабылдауды қалпына келтіруге себеп болатын жағдайлардың нақты градациясын енгізу ұсынылған.<br>**7.4 Қолдану деңгейі:**<br>3) Кең. Бұл тұжырым әр азаматтың құқықтарын қорғауға қатысты конституциялық құқықты тиімді жүзеге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | асыруға мүмкіндік береді.<br>**7.5 Ғылыми мақалада дәлелденген бе?**<br>1) Иә. Дәлелденген мақалалар:<br>1. Предмет доказывания по наследственным спорам: вопросы теории и практики. Zanger. – 2020. – № 7 (228). – С. 66-71. .<br>2. Расширение доступа к правосудию: ключ к справедливому судебному процессу в Казахстан. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38605759<br>**Нәтиже 4.**<br>**7.1** Тұжырым дәлелденген бе?<br>1. Иә. Шетелдік оң тәжірибені ескере отырып, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексіне мына жағдайларда прокурордың қатысуын міндетті ету ұсынылады:<br>• Өсиетті жарамсыз деп тану туралы істерді қарау кезінде, егер өсиет алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, өкілдердің қасақана келісімі немесе ауыр жағдайлар нәтижесінде жасалған болса (ҚР АК 159-бап, 9-тармақ);<br>• Мұрагерді мұрагерлікке лайық емес деп тану туралы істерде, егер оның әрекеттерінде қылмыс құрамы болуы мүмкін, бірақ сотпен бұрын бұл факті расталмаған болса.<br>**7.2** Бұл ереже тривиалды ма?<br>2) жоқ. Автор ГПК-ға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар берген.<br>**7.3** Бұл ереже жаңа ма?<br>1. иә. Жоғарыда аталған мұрагерлік істер бойынша прокурордың қорытынды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | беру мақсатындағы қатысуы азаматтық іс жүргізу міндеттерінің орындалуына кепілдік болумен қатар, қылмыстық-құқықтық элементі бар тараптар арасындағы дауда заңды және негізделген шешім шығаруға көмектеседі.<br>**7.4** Қолдану деңгейі:<br>3) кең. Бұл ережені жүзеге асыру азаматтардың мүдделерін сапалы сот арқылы қорғаумен қатар, олардың білікті заң көмегін алу жөніндегі конституциялық құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді.<br>**7.5** Бұл мақалада дәлелденген бе?<br>1. иә. Бұл келесі ғылыми жарияланымдарда дәлелденген:<br>2. *Recognition as an unworthy heir in court: a comparative analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan and Ukrain. Вестник Карагандинского университета. Серия право. № 29 1 (113) 2024 г. С.128-137. DOI: https://doi.org/10.31489/2024L1/128-137*<br>*3. Особое мнение судьи в гражданском судопроизводстве Республики Казахста ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы, 112(4) – 2024. – С.73–80. https://doi.org/10.26577/JAPJ2024.112.i4.a7*<br>*3 Pre-trial protocol in civil proceedings. Вестник Карагандинского университета. Серия право. № 29 1 (113) 2024 г. С.128-137. DOI: https://doi.org/10.31489/2024l3/163-170*<br>**Нәтиже 5.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **7.1** Ереже дәлелденген бе?<br>1. Ия дәлелденген. Диссертант іште қалған, бірақ әлі туылмаған мұрагер болған жағдайда мұраны бөлу туралы ережені негіздейді.<br>**7.2** Бұл ереже тривиалды ма?<br>2) жоқ. Автор мұраны бөлу істері бойынша сот ісін тоқтату міндетін көздейтін, жүктілік кезеңіндегі (бірақ тумаған) мұрагер бар жағдайда қолданылатын ГПК-нің 272-бабына өзгерістер енгізуді ұсынады.<br>**7.3** Бұл ереже жаңа ма?<br>1) Иә. Туылмаған мұрагердің бар болуы мұра мүлкін бөлу туралы істі мәні бойынша қарауға кедергі келтіреді. Автор сотқа баланың дүниеге келуін күту мақсатында істі тоқтату туралы заңнамалық түзету енгізуді ұсынады.<br>**7.4** Қолдану деңгейі:<br>3) Кең. Бұл ережені жүзеге асыру істі мәні бойынша дұрыс әрі уақтылы қарауға мүмкіндік береді.<br>**7.5** Бұл мақалада дәлелденген бе?<br>1. Иә. Бұл келесі ғылыми мақалаларда дәлелденген:<br>1 «Азаматтық процестегі тараптардың жарыспалығы мен тең құқытылығы қағидасы» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, 22-23 қыркүйек 2022 ж. Жауапты ред. М.К. Сүлейменов. Алматы, 2023. – Б. 380–385.<br>2 Камбарова Н.Ш. «Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы (кесте түрінде): оқу құралы». |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Алматы: «ЛАНТАР BOOKS» баспасы, 2024. – 252 б.<br>3 Расширение доступа к правосудию: ключ к справедливому судебному процессу в Казахстане басылм. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38605759<br>4 Максатов Н.Р. «Сот шешімдері мен татуласу келісімдері: мұрагерлікке қатысты істерде» // «Құқықтық өлшем: Конституциялық және қылмыстық юрисдикция». Бесінші жыл сайынғы халықаралық онлайн ғылыми конференция материалдары (2022 ж. 28 қазан, Одесса). – Б. 168–176.<br>**Нәтиже 6.**<br>**7.1** Ереже дәлелденген бе?<br>1. Ия, дәлелденген. Мұрагерлік құқықтық мирасқорлық тәртібімен шаруашылық серіктестіктегі үлесті беру бойынша құқықтық реттеу зерттеледі.<br>**7.2** Бұл ереже тривиалды ма?<br>2) жоқ. Автор мұрагерлік тәртібімен үлесті беру механизмін реттейтін заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар берген.<br>**7.3** Бұл ереже жаңа ма?<br>1) Иә. Диссертант бұл салада заңнама мен сот тәжірибесінің әлі де болса тұрақты айналым мен құқықтарды жүзеге асыруды толық қамтамасыз ете алмайтынын негіздейді. Автор Қазақстан және басқа елдер заңнамасындағы міндетті үлес түсінігі, көлемі мен оны беру тәртібін, сондай-ақ тәжірибеде туындайтын проблемаларды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қарастырады.<br>**7.4** Қолдану деңгейі:<br>3) кең. Бұл ережені жүзеге асыру үлестің құнын анықтау, олардың айналымы мен ЖШС және басқа да шаруашылық серіктестіктердегі үлеске құқықтарды жүзеге асыру қағидаларын қалыптастыруға ықпал етеді.<br>**7.5** Бұл мақалада дәлелденген бе?<br>1. иә. Бұл келесі ғылыми жарияланымдарда дәлелденген:<br>1 Maxatov N., Mudryi S., Mudra O., Akimbekova, M., Stepanova T. «Conflict of interests in commercial and civil law» // Amazonia Investiga, 11(60), 224-234. |
| 8. | Дәйектілік қағидаты.<br>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:<br>1) **ия;**<br>2) жоқ. | **Ия.** Әдістемені таңдау негізделген, жалпығылыми әдістер (талдау және жинақтау), тарихи-құқықтық тәсіл, формалды-құқықтық әдіс, эмпириялық зерттеу әдістері (салыстыру, статистикалық талдау, аналитика) және басқа да әдістер қолданылған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | **Ия.** Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін, сондай-ақ компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. |
| | | 1) **ия;**<br>2) жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | **Ия.** Барлық теориялық зерттеу тұжырымдары сот практикасының материалдарымен расталды. |
| | | **1) ия;**<br>2) жоқ. | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған. | Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 241 дереккөз көрсетілген, оларға диссертацияда сілтемелер жасалып, дәйексөздер келтіріліп, polемикалық талдаулар берілген. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдебиеттер көздері әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Әдеби шолуда мұрагерлік дауларды қараудың процессуалдық ерекшеліктері қамтылған. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: | **Бар.** Диссертацияның теориялық маңызы жоғары: мұрагерлік дауларды реттеу мәселелеріне осындай маңызды мән берілуі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы теориясының ғылыми дамуына елеулі үлес қосатынын атап өткен жөн. |
| | | 1) **бар;**<br>2) жоқ. | |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | **Ия**. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: зерттеу қорытындылары мен нәтижелері қолданыстағы заңнамадағы |
| | | 1) **ия;**<br>2) жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды жою мақсатында нормашығармашылық қызметте қолданылуы мүмкін. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) **<u>толығымен жаңа;</u>**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Практикаға арналған ұсыныстар **толығымен жаңа** болып табылады. Зерттеу нәтижелері «Азаматтық іс жүргізу құқығы» пәнін оқыту барысында оқу процесінде, сондай-ақ мұрагерлік дауларды қарау саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатындағы заңшығармашылық қызметте пайдаланылуы мүмкін. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) **<u>жоғары;</u>**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Академиялық жазу сапасы **жоғары** деңгейде. Автор өз ойларын қысқа, бірақ жеткілікті түрде нанымды ғылыми мәтін арқылы баяндап, дәлелдей біледі, сонымен қатар өз зерттеуінің нәтижелерін келтіреді. Диссертацияда нақты деректермен қатар, логикалық тұжырымдар мен нәтижелік бөлімді талдауға арналған авторлық пайымдаулар да қамтылған. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Максатов Нұржан Ришатұлының «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ескертулер жоқ. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Мақалаларда теориялық негіздеме мен практикалық бағыттың үйлесімді үйлесуі айқын көрініс тапқан, бұл олардың өзектігін арттырады. Бұл жарияланымдардың жоғары ғылыми деңгейін көрсетіп, диссертациялық зерттеу тақырыбының терең меңгерілгенін дәлелдейді. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Максатов Нұржан Ришатұлына «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы ұсыныс енгіземін. |

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Максатов Нұржан Ришатұлының «Азаматтық сот ісін жүргізуде мұрагерлік істерді қарау ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Заң ғылымдарының кандидаты,**
**Қазақ ұлттық әл-Фараби атындағы университетінің**
**«Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы»**
**кафедрасының қауымдастырылған профессоры** **Г.Г. Нурахметова**

ҚОЛТАҢБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ